**"Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 қазан N 1494

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
"Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақ ССР-інде ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" 1991 жылғы 13 ақпандағы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Заңына (Қазақ ССР Жоғары Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 8, 93-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 327-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 927-құжат):
1) тақырыбы мен мәтінінде:
"Қазақ ССР-інде", "Қазақ ССР-і", "Қазақ ССР", "Қазақ ССР-іне" деген сөздер "Қазақстан Республикасында", "Қазақстан Республикасы", "Қазақстан Республикасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) VIII "Денсаулық сақтау, халыққа білім беру және мәдениет" бөлімінде тақырыптағы "халыққа" деген сөз алып тасталсын;

42-бапта:

тақырыбындағы және 1-тармағындағы "мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері", "мектепке жасына дейінгі балалар мекемелерінің" деген сөздер "мектепке дейінгі ұйымдар", "мектепке дейінгі ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармағы алып тасталсын;

3) 47-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аграрлық-өнеркәсіптік кешен үшін кадрларды кәсіптік жағынан даярлау, олардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады";

4) 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру саласында село халқын мемлекеттік қолдау.

Село жастары арасынан келген азаматтарға, селоның әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.

2. "Қазақ ССР-інде мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Заңына (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; N 15, 208-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 17-18, 219-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат):

1) мәтіндегі "Министрлер кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 20-бапта:

бірінші бөлігіндегі "мемлекеттік емес мекемелерде және" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлігіндегі "орта, арнаулы орта және жоғары" деген сөздер "және кәсіптік" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіптік білім беретін ұйымдарда оқитын мылқаулар мен зағиптардың мемлекеттік стипендияларының мөлшері бірдей белгіленген стипендиялар мөлшерінен 75 процент жоғары болып белгіленеді. Орта және кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарында оқитын өзге мүгедектерді стипендиямен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

3) 21-бапта:

бірінші бөлігіндегі "балалар" деген сөз алып тасталсын;

бірінші және екінші бөліктеріндегі "мекемелерінде", "мекемелерде", "мекемелер" деген сөздер "ұйымдарында", "ұйымдарда", "ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Мүгедектерге жалпы орта және кәсіптік білім беру

Мүгедектерге жалпы орта және кәсіптік білім беру орта немесе арнаулы үлгідегі мемлекеттік білім беру ұйымдарында ал қажет болған жағдайда - үйде жүзеге асырылады.

Стационарлық емдеу-алдын алу, оңалту және басқа да денсаулық сақтау ұйымдарында емделу курсынан өтіп жатқан мүгедек балалар үшін жалпы білім беру бағдарламасы көлемінде оқу сабақтары ұйымдастырылады. Оқу сабақтарын ұйымдастыру тәртібін білім беру және денсаулық сақтау саласындағы орталық атқарушы органдар белгілейді.

Бірінші және екінші топтағы мүгедек-балалар үшін арнаулы білім беру ұйымдарында, оңалту орталықтарында, мүгедектерге арналған үйлер мен орталықтарда арнаулы сыныптар құрылады.

Бюджеттен қаржыландырылатын тегін мемлекеттік білім, білім гранттары мен кредиттерін алу үшін конкурс өткізілген кезде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда бірінші және екінші топтағы мүгедектер, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларының қорытындысы бойынша орта кәсіптік және жоғарғы кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарында оқуы өзіне зиянсыз болатын бала жасынан мүгедектер артықшылық құқыққа ие болады";

5) 23-бапта:

бірінші бөлігіндегі "мекемелер" деген сөз "ұйымдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлігіндегі:

"мекемелері" деген сөз "ұйымдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

"ата-аналарға" деген сөздерден кейін "білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 24-бапта:

бірінші бөлігіндегі "халыққа" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бес (алты) жасар мүгедек балаларды мектепке барар алдында даярлау міндетті болып табылады және үйде, мектепке дейінгі ұйымда немесе мектепте жалпы білім беру бағдарламасы көлемінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында ол тегін жүзеге асырылады";

7) 25-баптың тақырыбында және мәтінінде "мекемелерде", "мекемелер" деген сөздер "ұйымдарда", "ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 26-баптың бірінші бөлігіндегі "мекемелерде" деген сөз "ұйымдарда" деген сөзбен

ауыстырылсын;

9) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Мүгедектердің білім алу, кәсіптік даярлықтан өтуі және біліктілігін арттыру нысандары

Мүгедектердің білім алуы, кәсіптік даярлықтан өтуі және біліктілігін арттыруы Қазақстан Республикасының білім туралы Заңдарында белгіленген тәртіппен және нысанда жүзеге асырылады".

3. 1993 жылғы 19 қаңтардағы "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Z939000_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 28-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; N 22, 135-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат):

1) 8-1-баптың бірінші бөлігіндегі:

"барлық үлгідегі" деген сөздер алып тасталып, "кәсіптік-техникалық училищелерде және арнаулы орта оқу орындарында" деген сөздер "кәсіптік бастауыш және орта кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың бірінші бөлігіндегі "министрліктер мен ведомстволардың оқу ұйымдарында және Республиканың мемлекеттік білім беру жүйесіндегі оқу орындарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-бапта:

3-тармақта:

а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) білім беру ісін жүргізу құқығына лицензиясы бар жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында оқып жүрген шақырылушыларға, оларды бітіргенге дейін";

б) тармақшасының бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің" деген сөздер "білім беру саласындағы орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) ауылдық жерлерде орналасқан жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарының орта кәсіптік немесе жоғары кәсіптік педагогтік білімі бар және мамандығы бойынша жұмыс істеп жүрген мұғалімдерін (оқытушыларын), барлық жұмыс істеген кезіне";

4) 26-баптың с) және ж) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"е) білім беру ұйымдарының педагогтер құрамы-оқу жылы кезеңінде;

ж) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, оқудың күндізгі нысанында оқытатын барлық білім беру ұйымдарында оқитындар";

4. "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы

" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Z934100_ Заңына ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 516-құжат; 1995 ж., N 7, 48-құжат; N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 175, 180-құжаттары; 1997 ж., N 12, 181-құжат; 1998 ж., N 22, 308-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 21, 762-құжат; N 23, 920-құжат):

46-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "мекемелерінің" деген сөз " ұйымдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

5. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Z952200_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 3-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат, N 16, 219-құжат; N 17-18, 222 , 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар ; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 жылғы 13 шілдесінде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2000 жылдың 5 шілдедегі Z000079_ Заңы):

10-баптың 1)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) заңды тұлғалардың жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта және кәсіптік бастауыш білім, орта кәсіптік, жоғарғы кәсіптік оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру, соның ішінде мамандықтар бойынша білім беру қызметі, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың қызметі;".

6. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Z952235_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат, N 23, 928-құжат, N 24, 1067-құжат, 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар, 2000 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z000065_ 2000 жылдың 8 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 57-бапта:

1-тармағында:

15) тармақшасында "арнаулы орта және жоғарғы" деген сөздер "орта кәсіптік және жоғарғы кәсіптік" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшасында "мектеп жасына дейінгі балалар, орта, арнаулы орта және жоғарғы білім беру" деген сөздер "мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, орта кәсіптік және жоғарғы кәсіптік білім беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 123-баптың 3-тармағының 10) тармақшасында "мектепке дейінгі балалар мекемелері, орта, арнаулы орта және жоғары білім" деген сөздер "мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш , орта кәсіптік, жоғарғы кәсіптік білім" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 134-баптың 1-тармағының 7) тармақшасында "мектепке дейінгі балалар мекемелері, орта, арнаулы орта және жоғары білім" деген сөздер "мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш , орта кәсіптік және жоғарғы кәсіптік білім" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z980258_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 14, 200-құжат; N 22, 308-құжат; N 24, 443-құжат):

4-баптың 5) тармақшасының он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы қаласының аумағындағы жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта және кәсіптік бастауыш білім беретін, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдар қызметіне;".

8. "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Z990389_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат):

1) Заң мәтінінде 23-баптың 3 тармағын, 46-баптың 3-тармағын қоспағанда, " орталық атқарушы органдармен", "орталық атқарушы органдар", "орталық атқарушы органдардың" деген сөздер, "орталық атқарушы органмен", "орталық атқарушы орган", "орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) қабылдау квотасы-орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарына ауыл жастары арасынан келген азаматтарды және басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын ұлты қазақ адамдарды қабылдау үшін бөлінетін білім гранттары мен кредиттерінің шекті саны";

32) тармақшадағы "резидентура" деген сөз "клиникалық ординатура" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 6-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын;

4) 10-бап алып тасталсын;

5) 12-бапта:

1-тармағында:

"білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - лицензиат) білім беру қызметі" деген сөздер "заңды тұлғалардың (бұдан әрі - лицензиат) білім беру қызметі, оның ішінде мамандықтар бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

1) және 2) тармақшалардағы "білім беру ұйымдарына" деген сөздер "заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын және 2) тармақшадағы "береді" деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшасында "кәсіптік бастауыш білім беретін" деген сөздерден кейін үтір қойылып, "осы, тармақтың 3) тармақшасында көрсетілгендерден басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) жалпы орта білім беретін: халықаралық, шетелдік, мемлекеттік емес, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік - Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары береді.";

6) 13-баптың 3-тармағы:

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші, алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Жалпы білім беретін пәндерден ағымдағы жылғы Республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған) жалпы білім беретін орта мектептердің бітірушілері, сондай-ақ Республикалық және халықаралық орындаушылар конкурстарының соңғы үш жылдағы жеңімпаздары (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған) өзі жеңімпазы болған олимпиада немесе конкурс пәні таңдаған мамандығына сәйкес келген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік білім беру гранттарын алу құқығына ие болады және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын тапсырмай қабылданады.

Ауыл жастары арасынан келген азаматтар үшін, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына оқуға түсетін кезінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.

Басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын ұлты қазақ азаматтар үшін кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына оқуға түсетін кезде, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді";

7) 16-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Білім туралы құжаттарды нострификациялау тәртібін білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді";

8) 25-бапта:

4-тармақтың екінші бөлігі "ұйымдары" деген сөзден кейін "қаржыландырылуы жергілікті бюджеттен жүзеге асырылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

9) 26-баптың 2-тармағындағы "резидентурасында" деген сөздер "клиникалық ординатурасында" деген сөздермен, қазақша мәтінде "ізденушілікке" деген сөз " ізденіскерлікке" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 29-баптың 3) тармақшасындағы "сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын колледждерде кәсіптік орта білімі бар" деген сөздер алып тасталсын;

10)-1 Қазақша мәтінге ғана қатысты.

36-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Білім беру ұйымдарында негізгі жұмысынан қол үзбей (сырттай, кешкі және дистанциялық оқу нысандары бойынша) оқитын азаматтарға, Қазақстан Республикасының еңбек заңдарында көзделген реттерді қоспағанда, жұмыс берушілер ақы төленетін және ақы төленбейтін қосымша демалыстар, жалақысын сақтап және сақтамай жұмыстан бос күндер беруі де мүмкін."

11) 42-баптың 1-тармағындағы "еңбек шартымен не еңбек келісім-шартымен", "еңбек шартының не еңбек келісім шартының" сөздері "жеке еңбек шартымен", "жеке еңбек шартының" сөздерімен ауыстырылсын;

12) 46-баптың 7-тармағындағы "білім алу және педагогтік қызметпен айналысу құқығын пайдалана алады" сөздері "білім алу және педагогтік қызметпен айналысу құқығын пайдаланады" сөздерімен ауыстырылсын;

13) 47-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК